



SOZAQ ÚNÍ

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

№33 (9106)

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

ЖҰМА
5 мамыр, 2023 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



Отан деп соқсын әр жүрек...



Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен Созақ ауданында баспасөз-туры өтті.

БАҚ өкілдері алдымен Шолаққорған-Түркістан бағытындағы «Жасыл белдеу» аймағына аялдады. Аудан әкімінің бастамасымен де-меушілер есебінен жол бойындағы 3 гектар жерге өткен жылы көктем айында 3500 түп көшет, ал биыл 2 мыңнан аса көшет отырғызылған. Оның ішінде 2500 түп қара тал, 1000 түп гүжім талы. Мұнда бүгінге дейін 6 мыңға жуық тал егілген. Тал көшеттері отырғызылған ау-



БІРҚАТАР НЫСАНДАРДА БАСПАСӨЗ-ТУРЫ ӨТТІ



мақ шарбақтармен қоршалған. Бүгінде өткен жылы отырғызылған тал көшеттері толықтай өніп тұр. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергеновтың айтуынша, «Жасыл белдеу» аумағы 1,8 гектарға артып отыр. Аталған жұмыстар би-

ыл да жалғасады. Алдағы уақытта бұл жерге қосымша бақша дақылдарын егу жоспарланған.

Жолсапар барысында журналистер қауымы Жеңістің 78 жылдығы мен Созақ ауданының 95 жылдығына орай, бокстан Созақ ауданы әкімінің жүлдесі үшін өтіп жатқан халықаралық турнирдің ашылу салтанатына қатысты. Сайысқа Өзбекстанмен қоса, еліміздің бірнеше өңірінен келген 300-ге тарта спортшы кіл мықтының ішінен кім мықтыны анықтайды. Турнирдің ашылуында сөз алған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков салауатты өмірді ұстанудың маңыздылығына тоқталып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

(Жалғасы 2-бетте).

Құттықтау!

Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күнімен және мәртебесі биік, орны ерекше 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Бұл күнді қазақстандықтар Отан қорғаушы күні ретінде атап өтеді. Осы уақыт аралығында еліміздің Қарулы Күштері барлық жағынан күшейіп, материалдық-техникалық тұрғыдан нығайып, қуатты армияға айналды. Әскеріміз тұрақты түрде оқу жаттығу шараларын өткізіп, қорғаныс қуаты артып, түрлі қауіп-қатерге әзірлігін нығайтып, мемлекетіміз әскерилерді жан-жақты қолдауға баса көңіл бөліп келеді. Соның арқасында Қазақстан әскерінің сапында болу, Отан алдындағы борышты өтеу мен адал қызмет ету - рухы мықты адамдардың мәртебелі әрі жауапты міндетіне айналды.

9 мамыр бұл - адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыста батырлықтың өлшеусіз үлгісін танытқан жауынгерлер рухының алдында тағзым етіп, басымызды иетін күн. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Адамзат тарихында теңдессіз ерлік жасаған әкелеріміз бен аналарымыздың қажымас қайсарлығы, ерен еңбегі және көзсіз қаһармандығы халқымыздың жадында мәңгі сақталады», - деп бағасын берген болатын. Ардагерлерге құрмет көрсету, олардың ерлік жолдарын жас ұрпаққа үлгі-өнеге ету-біздің парызымыз. Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де батыр бабаларымыздың ұлы ерліктерінің жалғасы. Аға буын ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлыққа толы күн-тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек. Жеңіс жолында көзсіз ерлік жасаған халықтың ұрпағы екенімізді мақтан етеміз.

Қадірлі жерлестер!

Осындай ұлы мерекелерде барлық бастамаларыңыз оңынан болып, еліміздің еңсесі биік, мерейі үстем болсын! Егемен еліміздің аспаны ашық, бейбіт өмірі баянды болсын! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі,
О.ЖӘМИЕВ,

аудандық мәслихат төрағасы.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

04.05.2023 ж №1

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті екінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті екінші сессиясы 2023 жылғы 16 мамырда, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **О.Жәмиев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті екінші сессиясы 2023 жылғы 16 мамыр, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 16 мамырда, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 16 мамырда,

сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1. Аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

2. Аудандық орталық аурухананың атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

3. Қарақұр, Жартытөбе ауылдық округі әкімдерінің есебі.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы **О.Жәмиев**

БІРҚАТАР НЫСАНДАРДА БАСПАСӨЗ-ТУРЫ ӨТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұдан соң БАҚ өкілдері мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіп ашқан азаматтардың жұмысымен танысты. Шолаққорғандық Талшын Сатыбалды өткен жылы 1 млн 225 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант алған. Осы қаржыға массаж салонын ашқан. Онда әйелдер мен балаларға емдік массаж, маникюр қызметтері көрсетіледі. Кәсіпкер мұнда 6 адамды жұмыспен қамтып отыр. Қайтарымсыз грант алып, кәсібін өркендетіп отырған жанның бірі - Зәуре Аманбекова. Ол үйінің іргесінен шағын наубайхана ашқан. Бүгінде мұнда дәмі тіл үйретін түрлі бөлішке, кекс сынды әртүрлі конди-

ауданын кесіп өтетін автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары бүгінде қарқын алған. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 152 шақырымына асфальт салу жұмыстары өткен жылы басталған. Бұл орайда, «КХ-2 Ұланбел-Созақ-Екпінді» бағытындағы автомобиль жолының Шолаққорғаннан Ыбырайға дейінгі 83 шақырымы, «КХ-57 Созақ-Қарағұр-Бақырлы» автомобиль жолының Созақтан Қарағұрға дейінгі 30 шақырымы және «КХ-56 Жамбыл облысының шекарасынан Құмкент-Шолаққорған-Ащысай Шолаққорғаннан Құмкентке дейінгі автомобиль жолының 39 шақырымы бойынша асфальт жабындысын төсеу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Нысандар 2024 жылға өтпелі.

Созақ ауданында шаруа қожалықтарының жұмысы жанданып келеді. Шолаққорғанда орналасқан «Қанжарбек» шаруа қожалығы 2005 жылы құрылған. Қожалығының негізгі бағыты - мал басын көбейту (ұсақ мал, жылқы, мүйізді ірі қара). Шаруаларға мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдауларды тиімді пайдалана білген қожалық төрайымы Айгүл Аштова 2020 жылы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 10 млн теңге несие алып, 400 бас қой сатып алған. Бүгінде 1130 бас уақ мал, 50 бас мүйізді ірі қара, 75 бас жылқысы бар. Мұнда 8 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Орташа жалақы мөлшері - 120-150 мың теңге.

Бүгінде ауыл шаруашылық саласында толайым табысқа жетіп жүрген Созақ ауданында бірнеше шаруа қожалық жаңбырлатып суғару әдісіне көшкен. Соның бірі -



терлік тағамдар дайындалады. 5 адам еңбек етеді. Кәсібінен береке тапқан еңбекқор жандар болашақта сұранысқа сай бастаған істерін одан әрі кеңейтуді көздейді.

Сапар аясында БАҚ өкілдері С.Қожанов атындағы Созақ аудандық тарихи өлкетану музейінде болды. 2021 жылы ашылған музей-



де тарихи мұраларды сақтау үшін барлық жағдай жасалған. Орта ғасырдан жеткен жәдігерлер, қазан төңкерісіне дейінгі жергілікті халықтың тұтынған заттар мен балбал тастар қойылған. Жергілікті күйші, ақын-жазушылар, спортшылар тұтынған құнды дүниелер бар. Мәселен, Төлеген Момбековтің, Дина Нұрпейсованың ұстаған қара домбырасы, ел Тәуелсіздігінен, аудан тарихынан сыр шертетін мұралар орналасқан. Қазіргі таңда музей қорында 2800-ге жуық жәдігер сақталған. Алдағы жылдары құнды жәдігердің санын 5000-ға жеткізу жоспарланып отыр. Жалпы жыл басынан бері музейде 96 экскурсия, 15 лекция, 15 көрме ұйымдастырылды, ал музей қорына жаңадан 55 жәдігер қабылданған.

Журналистер Созаққа жасаған сапарында «КХ-2» Ұланбел-Созақ-Екпінді бағытындағы облыстық маңызы бар тас жолының құрылыс жұмыстарын бақылап көрді. Созақ

«Дәмен» шаруа қожалығы. Биыл құны 52 млн теңге тұратын жобаны іске асырып, 40 гектарға жуық аумақты жаңбырлатып суғару әдісіне көшуді жоспарлап отыр. Шаруа қожалығының мүшесі Талғат Сейдахметұлының айтуынша, жобаның 50 пайызын мемлекет қаржыландырған. Жалпы ауданда азық-түлік, мал азығы белдеуін қалыптастыру, жаңбырлатып суғару әдісін насихаттау бағытында жұмыстар жүйелі жүргізіліп, нәтижесінде аудан шаруалары жаңа технологияны меңгеріп келеді.

Айта кетсек, былтыр Созақ ауданында өнеркәсіп өнім көлемі 519 млрд. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 100 млрд. теңгеге артты. Инвестиция көлемі 61,2 млрд. теңгені құрады. Алдағы екі жылда 7 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі.



Мекеме басшылары есеп берді

Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің отырысында аудандық аурухана басшысы, аудандық құрылыс бөлімінің басшысы және «Шолаққорған-Су» мекемесінің директоры есеп берді.

Әдеттегідей қоғамдық кеңестің мүшелері мекеме басшыларына атқарған жұмыстарына байланысты сұрақтардан бастады.

Аудандық аурухана басшысы Болат Нұсқабаевқа аурухананың жылуы, рентген аппаратының істен шығуы, науқастардың дәрігер кезегіне жазы-

лу реттілігі және қызметкерлердің науқаспен адами қарым-қатынасты реттеу бойынша сұрақтар қойдық.

Ал, құрылыс бөлімінің басшысы Жалғас Борсабаевқа ауданда құрылысы бітіп, қабылданған нысандардың сапасына мән беру керектігі және алдағы уақытта құрылысты жүргізетін мердігер компаниялардың жұмысына қарау керектігі ескертілді.

«Шолаққорған-Су» мекемесі-

нің директоры Шадияр Төлеевке аудан тұрғындарына 24 сағат сапалы ауыз сумен қамтылуы бойынша атқарылатын жұмыстары турасында сауал қойылды.

Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан қойылған сауалдар мен ескертулерге мекеме басшылары заң аясында түзетулер жасап, реттелетінін жеткізді.

Мұхтар ҚИЯСБАЕВ,
Қоғамдық кеңестің хатшысы.



Соғыстың соңғы солдатына құрмет

Осы аптаның сәрсенбісі күні Созақ ауданының прокуроры Ержан Базарбекұлы Қожабеков ұжымдағы әріптестерімен бірге Сызған ауылдық округінде тұратын, ауданымыздағы 6000-нан астам майдангерлердің соңғы тамшысы, соғыстың соңғы солдаты, ардагер ұстаз, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Созақ ауданының Құрметті азаматы Жылысбаев Мырзахмет қарияның шаңырағында болып майдангер жауынгерді 9 мамыр-Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтап, ұжым атынан сый-

сияпат жасап құрмет көрсетті. Аталмыш құрмет үстінде ауыл әкімі Қайырқұл Мейірбекұлы Нұртан, аудан прокурорының орынбасары Алмас Жағыпар, аудан прокурорының аға көмекшісі Бексұлтан Бейсенбай қарияның дастарханынан дәм татып, кешегі қанды жорық жылдары есінде қалған естеліктерімен бөлісті. Қария келген қонақтарға алғысын білдіріп, олардың отбастарына амандық, дендеріне саулық, қызметтеріне толағай табыстар тіледі.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Шу бойының жұртшылығымен жүздесті

Кездесудің күн тәртібіндегі басты мақсат Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері Арқа төсіндегі Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округтерінің халқымен кездесіп, ондағы мекен етіп жатқан халықтың көкейлерінде жүрген ұсыныс-пікірлерін тыңдап, алдағы уақытта айтылған ұсыныс-пікірлермен, сын-ескертпелермен жұмыс жасау болатын.

Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округі халқымен кездесу барысында үш ауылдың да тұрғындары бірқатар ұсыныстар айтты. Оның бірі де бірегейі қазіргі таңда өзекті болып отырғаны жол мәселесі және ұялы телефон байланысының нашарлығы айтылды. Қоғамдық кеңес мүшелері ауыл тұрғындарының біршама сұрақтарына кездесу барысында нақты жа-

уап берсе, біршама мәселелер алдағы кезеңде уақытты қажет ететіні де ескерілді. Кездесу барысындағы ұсыныстар бойынша қоғамдық кеңес тарапынан арнайы жұмыс жоспары жасалып, тиісті сала, мекеме, бөлім басшыларымен қоян-қолтық жұмыстар атқарылатын болады. Кездесу өткен үш ауыл әкімдіктерінде де ауыл тұрғындары Қоғамдық кеңес мүшелерінің алдағы жұмыстарына сәттілік тілеп, алдағы күндерден зор үміт күтіп тарқасты.

«Созақ үні»-ақпарат.



Бала кездегі жазуға деген қызығушылық мені әуелі сол кездегі «Молшылық үшін» газетімен достастырды. Жетінші сыныпты оқып жүрген кезде сол газетке мақала жазып, алғашқы мақалам басылым бетіне шыққанда қуанғанымды тілмен жеткізу қиын. Бәрімізді аспанға лақтырып, жүрегім жарылардай шаттанып, ерекше сезімге бөленгенмін. Мектепте қабырға газетіне өлеңдерім, шағын жазбаларым шығып тұратын. Ал баспа жүзінде бірінші рет шығуым. Шағын мақала мектеп өмірі жайлы жазылған еді. Көңілім қуанышқа толып, әлгі газетті сыныптастарыма көрсетіп, мәре-сәре болғанмын. Сол күні әлі күнге дейін есімде. Ұмыту мүмкін емес. Тырнақ алды мақалам жарық көргеннен кейін бойымда шабыт ояна бастады ма, білмеймін. Содан кейін жазған дүниелерімді бірінен кейін бірін,



Студент кезіндегі суреті.

Редакцияға келсе, журналистердің жазбаларына қарайды. Әйтеуір тыным таппайтын. Қай уақытта демалады деп ойлайтынмын. Біздер жұмыстан қайтқан уақытта Қасымжан аға кабинетінде мақалаларды түзетіп отырады. Таңертең тым ерте келіп, сол шаруасын атқара беретін.

Газеттің әрбір нөмері шығар алдында лездеме өткізіп, жазған жазбаларымызды сұрыптап, жаңа нөмірге дайындап, мақаламызда олқы тұстар болса, ескертетін. Сонымен қатар, келген оқырмандармен де сөйлесуге уақыт таба білетін. Бірінен кейін бірі болатын жиналыстарға да үлгеретін.

Қасымжан ағамды ұстаз тұтып, үнемі оның ақыл-кеңесін тыңдаймын. Маған сол кездерде дуалы ауыз аға: «Сен түбінде осы газеттің редакторы боласың, үйрене бер,-дей-

редактор болған кездерде көптеген тұщымды мақалалар газет бетінде жарияланып жататын. Газеттің штаттан тыс тілшілерімен де тығыз қарым-қатынаста, байланыста болатын. Әрбір газет санында ауданның барлық елді мекеннен жаңалықтар болғанын үнемі қадағалап отыратын.

Сол кездерде газеттің суреттерін Байқадамнан барып қорғасынға құйдырып келетін. Ол кезде машахаты көп тірлік болатын. Қасымжан аға оны ыждағаттылықпен жасайтын. Одан кейін газетті Шымкентке лентамен жіберіп шығаратын сәттер болды. Ол кездердің өзіндік қиындықтары бар-тын. Түнімен отырып, Шымкенттегі баспаханаға телефонмен жіберген уақыттар да Қасымжан ағаның әлі есінде. Қиындығы көп жұмыста ол кісі шаршаған жоқ. Редакция жұмысын ынтымақ-бірлікте

ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

«Молшылық үшін» газетіне жөнелте бердім. Сөйтіп, елге жас тілші болып таныла бастадым. С.Теңізбаев деп газетке жарияланды да тұрды. Көп кісілер әкемнен сұрайды екен. Сіз шопан болып жүріп, жазуға қалай үлгересіз деп. Әкем айтады екен: «Оны жазып жүрген менің ұлым» деп. Сондай да қызықтар болған.

Сол кездерде газеттің бетінен Қасымдан Өмірұлы деген фамилия түспейтін. Сөйтсем Қасымжан аға газет редакторының орынбасары екен. Мақалаларын сүйсініп оқимын. «Молшылық үшіннің» әр саны келген сайын әлгі фамилия бар мақаланы іздеймін. Қасымжан Өмірұлы жазуымен мені өзіне жақын етті. Кейін ол кісі «Молшылық үшіннің» адресатынан редактор деген жерден көрінді. Қуанып қалдым. Әлі ол кісінің өзін көргенім жоқ. Қашан кездестіремін деген құштарлық бар.

Ақын ағамыз Құлжабай Төлеуовтің мерейтойы Қызылкөл ауылында аталып өтті. Сол мерейтойлық шарада Қасымжан Өмірұлы жүзбежүз көрдім. Ол кісі бір топ аудан басшыларымен бірге келген екен. Ақын ағамыз жайлы жақсы баяндама жасады. Ел сүйсіне тыңдап, ризашылығын білдірді. Мен Қасымжан ағаға жақындау барып қолын алып, амандастым. Өзімнің «Молшылық үшінге» мақалаларым шығып жатқанын айтып едім: «Иә, інім сенің жазған дүниелерің менің алдымнан өтеді. Талабың дұрыс. Жазып шыңдала бер,-деді. Қуанып қалдым. Аудандық газетке мақала, өлеңдерім үзбей жарияланып тұрды. Студент кезімде де өңір газетінен қол үзгенім жоқ. Үнемі байланыста болдым.

Кейін оқу бітіріп келген соң да үздіксіз жаздым. Ол кезде мектепте қызметтемін.

Суындық мектебінде директордың орынбасары болып қызмет атқарып жүргенмін. Ол уақытта ұялы телефон жоқ. Мұғалімдер бөлмесіндегі телефонға хатшы қыз шақырды. Тыңдасам Қасымжан аға екен.

«Сәрсенбек, үй-ішің аман ба? Жұмысың қалай?» деп жылы амандасып:- бізде ауыл шаруашылығы бөлімінің орыны босады. Келесің бе?,-деді. Көптен бері өзім ойлап жүргенмін. Редакцияға қызметке кірсем деп. Мына жаңалыққа ерекше қуандым. Жаңа оқу жылының қарсаңы еді.-Иә аға, ондай болса, қанекей. Барамын,-дедім.

Ертесіне білім бөлімінің бастығына (С.Байділдаевқа) кіріп, редакцияға ауысқым келетінін айттым. Ол кісі: «Ой, бала! Ойлан. Мен сенен үлкен үміт күтіп жүр едім. Мектеп басшылығына дайын кадр деп, әлі де ойлан,-деді де, өтінішіме қол қоймай қойды. Содан кейін екі күннен кейін Сағынтай Байділдаевқа тағы да кірдім. «Аға, мен әбден ойландым. Өтінішіме қол қойып беріңіз,-дедім.

Сәкең біраз ойланып отырды да өтінішімді қанағаттандырды.

Білім бөлімінен шыға, редакцияға қарай тарттым. Келсем, Қасекең кабинетінде газеттің жаңа санына мақалалар әзірлеп отыр екен. Ол кезде редакция әкімшіліктің 4 қабатында. Жұмысқа қабылдауға өтініш жазып әкелгенмін. Қасымжан аға бұйрығын дайындап хатшы қызға берді.

Бұл 1994 жылдың 25-ші тамызы күні болатын. Редактор мені кабинетіме әкеліп отырғызып, сосын редакция қызметкерлерімен таныстырды. Ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы болып тағайындалдым. Журналист Қалдықұл Мұратова екеуміз бір кабинетте отырамыз. Ол кезде шаруашылықтар енді-енді тарай бастаған. Бірлі-жарым кооперативтер бар. Жазуға алғашқы күннен бастап білек сыбана кірістім.

Қасымжан аға газеттің макетін өзі жасайды. Өте еңбекқор редактор екенін келген күннен бастап байқадым. Күні бойы газетке келген мақалалардан бас алмайды. Келген хаттарды, журналистерден түскен мақалаларды бүге-шігесіне дейін

тін. Қасында ұзақ отырып, газеттің макетін жасауды көңіліме тоқып жүретінмін. Баспаханаға да барып, типография жұмысына жете назар аударатынмын. Қасымжан ағамның бойындағы барлық жақсы қасиеттерді өзіме алуға тырысатынмын.

Ол журналистерге үнемі ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар көрсететін. Жас тілшілердің де қаламын ұштап, оларға газет бетінен үнемі орын беретін. Қаншама еңбек етсе де ол шаршау дегенді білмейтін. Қасымжан аға үнемі спорттық қалыпта жүретін. Сөйтсем, студент кезінде штанга көтеріп, талай жарыстарға қатысқан екен. Топты жарып, жүлделі орындарды иеленген.

Еңбек жолын кеңшарда жұмысшы болып бастайды. Шаруашылықта шопанның көмекшісі болған. Одан кейін Читада әскери борышын өтеген. Әскери әуе күштері қатарында болған. Журналист мамандығын жүрегімен қалаған. Әуелгі редакциядағы қызметті корректорлықтан бастаған. Одан кейін әдеби тілші бол-

ұстап, ел үшін қызмет етті.

Кейін басқа қызметке ауысқанда да редакциямен етене байланыста болды. Көптеген мақалаларын жазып, газет бетіне жариялады. Редакцияға жиі атбасын бұрып ақыл-кеңесін айтып, пікірлесіп отыратынбыз. «Аталар сөзі» газетіне редактор болды.

Университетте оқып жүрген кезінде Жамбыл облысы, Мерке ауданының аруы Мағира Өміровамен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерді. Ол да осы оқу орнында филфакта оқитын. Көп қараның ішінен осы қызды таңдады. Қасымжан аға екеуі бірге бітіріп келіп, Мағира апай аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин мектебіне мұғалім болып орналасады. Білім саласында қырық жыл ұстаздық еткен. Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен, Білім беру ісінің озық қызметкері атағымен марапатталған. Батыр Ана. Алтын алқа иегері. Шәкірттерінің көбі елге танымал.

Зейнет жасына шыққаннан соң редакцияға редактордың кеңесшісі болып қызметке келді. Ортамызда отырып ақыл-кеңесін берді, газеттің сапалы шығуына мол үлес қосты. Газеттің атауының «Созақ үні» болып аталуына Қасымжан ағаның ұсынысы арқау болды.

Ізінен ерген журналистерге қариялық батасын беріп, жұмыстарын қанаттандырып отырды.

Зейнет жасында да қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Созақ ауданы мүгедектер бірлестігі төрағасының кеңесшісі қызметін атқарып келеді. Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Өмірлік жары Мағрипа апай екеуі отбасында ұл-қыздарын өсіріп, қанаттандырды. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Қарлығы ұстаз, Құртқасы мұғалім, Шалқары жеке кәсіпкер, Еңлігі өндірісте, Заңғары өндіріс орнында, келіні Ақмарал Беркінбайқызы өндірісте, Санжары жеке кәсіпкер, келіні Назым Әлпеева судья, Баянсұлу Политехта мұғалім. Осы ұл-қыздарынан 21 немере, 14 шөбере сүйіп отыр.

Мағрипа апай Қасымжан ағаның шығармашылықпен алаңсыз айналуына үнемі жағдай жасап, қолдап отырды. Қашан барсаңыз да апайдың шәйі қоюлы, дастарханы жаюлы тұрады. Қонақжай. Қазіргі кезде үйінде немерелерін күміс күлкісіне бөленіп, шаңырақтың шаттығын шалқытып, келіндеріне ақыл-кеңесін айтып, ақылман әже атанып, отбасының берекесін кіргізуде.

Қасымжан аға мамыр айының 8-інде көктемнің көгілдір шағын да дүние есігін ашқан. Байырғы редактор, менің журналистік жылдағы ұстазым мерей жасқа толады.

Мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын!

Деніңізге саулық тілеймін. Ұзақ, ғұмырды сізге Алла нәсіп еткелі!

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЙ.



қарап, өңдеп, түзетіп отырады. Ол кісінің қолынан шыққан жазбалар көркем дүние болып, шыға келеді. Еріну дегенді білмейтін. Үнемі ізденісте отыратын. Кітапты да көп оқитын. Редактор болғандықтан жиналыстардан қалмайтын.

Сол уақытта Шолаққорғандағы баспахана жұмыс істейтін. Газетті сонда бастырып, халыққа тарататынбыз. Қорғасынмен теріліп, беттелетін. Аптасына үш мәрте жарық көретін. Кей күндері түнімен жұмыс істеуге тұра келеді. Қасымжан Өмірұлы газет қашан басылып болғанша баспаханада отырады. Газеттің сапалы шығуын үнемі қадағалай-

ған. ҚазГУ журналистика факультетін бітірген. Жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып, кейін осы газеттің редакторы қызметін қолына алған. Редактор кезінде көптеген өзекті мәселелерді көтерген мақалалар жазып, аудандағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан. Кезінде Асхат Омаров, Қалдықұл Мұратова, Амангелді Құлмашев, Сабырбек Олжабаев қарамағында қызмет атқарып, елге танылған. Уақыттың талабына сай мақала жазып, оқырмандардың ықыласына бөленген.

Қасымжан аға бірінші кезекке редакциядағы жұмысты қоятын. Ол кісі

Чех халқының «Халық батыры», «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, ұшқыш, гвардия лейтенанты Құрал Рүстемовке арналады.

ҚЫРАНМЕН СЫРЛАСУ

Көк жүзінде самғайтұғын қырандар,
Болат қанат талмайтұғын қырандар.

Жүрегімді шабыт буса саңқылдап,
Мен жырлайтын, мен шырқайтын бір ән бар.

Ол ән сендей қыран жайлы жыр еді,
Ол да сендей Мыңжылқының түлегі.
Адам еді ол, адамдардың қыраны,
Бар еді онда Ақиықтың жүрегі.

Ол да сендей дауылдарға қарсы ұшқан,

Қаймықпаған өмір үшін тартыстан.
Қайсар жүрек кең далама сыймады
Қайран ерім, оралмады Батыстан.
Ол да сендей биіктікті ұнатқан,
Тоятпаған толқын асау бұлақтан.
От жанарлы балапанын қыранның,
Қандай жауыз көк төсінен құлатқан.
Оқта көз жоқ. Жатпайды ол даралап,
Тас бол мейлі, бас, қол, көзді жаралап.
Қыран ұлды көздеп атты бір жауыз,
Құралымды іздеп жатты-ау бар алап.?!

О оқ! Саған болды сансыз кекті адам,
Қанша жүрек бір өзіңнен тоқтаған.
Қара кеңірдек-сүмбілерін мылтықтың,
Буындырсам ба деп оқталам.
Көк жүзінде самғайтұғын қырандар,
Болат қанат, талмайтұғын қырандар.
Жүрегімде сақтап келген бұл күнге,
Тыңда, тыңда, сендер жайлы бір ән бар!

ҰЯДАН ҰШУ

Сары жайлау, Қозмолдақ атырабы,
Жасыл таулар алыстан шақырады.
Сыбызғы үнді самалы желпіп өтсе,
Жалтылдайды қара тал жапырағы.

Мынау дала, жүгірген бала киік,
Пәк жүзінде қадалып қалам ұшып.
Ақ аспанды күйдірген аптабымен,
Шаңқай түс. Күн көгінен қарады іліп.

Күйіп-жанып барады көлеңке де,
Бір тамшы су зәру болып кең өлкеде.
Момын ауыл томсарып тына қапты,
Ауыр тұрмыс қинай ма, түнере ме.

Тоқылдайды балға үні қараша үйде
Базар етіп у да шу баласы үйде.
Бір қара шал етігін жамап отыр,
Қату қабақ түскендей дара күзге.

Құлақ түріп балғаның дүрсіліне,
Әйелі отыр жасқанып күрсінуге.
Бұдан кедей күнінде белін буған,
Рүстеммен ғұмырын бір сүруге.

«Өнерлінің қолы алтын» епсекті еді,
Еңбегімен мұратқа жетпек те еді...
Ойлайды әке өкініп, болашағын,
Ойлайды әке Құралын мектептөгі.

Өзі зерек, әрі ұяң басқалардан,
Шыңдайды, рас, ер жетсе, асқақ арман.
Қалада оқып орысша білім алсын,
Не табады дәл мынау «тас қорадан»?!

Мен кешегі жалшы едім, тыңда қатын,
Не бар мұнда қиналып мұңданатын?
Қарашы оның көзіне қайрат та бар,
Қыран ұшса қатайып шыңдалатын.

«Мен білсем, Құралда бар шынар талап,
Өсірмеппін, Қызтай-ау құр арқалап.
Қала барсын Нақыпты қоса жібер,
Жүргенше ауылда күн орталап».

Әке ойы осындай шешімде еді,
Көп-көп тынып, ана бір шешілмеді.
Тыңдап отыр балғаның дүрсілдерін,
Қиялы оны әкетті көш ілгері.

«Қыран дейді, шын қыран самғамай ма,
Бір өмірді мың үміт жалғамай ма?!
Қыран дейді биіктеп кетеді ол,
Балапанын ана іздеп зарламай ма?!
Мың ой келіп анталап, аптығады,
Көз алдында сонау бір шақ тұрады.
Отызыншы жыл еді колхоз, қауым,
Біріккен ел бұрынғы жоқ тұрағы.

Көз алдында байлардан өнші берген,
Сол бір адам жалшыны көрші көрген.

АҚИЫҚ

(шағын дастан) «Комсомол-1969» бәйгесінің бас жүлдесін жеңіп алған



Балам сондай болса деп армандайтын,
Қаймықпайтын қиыннан өршіл өрен.

Тұрмыс мынау биыл да жарытпады,
Арық-тұрық не болар халықтағы.
Қара нан да тапшы боп бара жатыр,
Қара суды қайнатып арықтағы!

Ойлы хабар, әзілді үкім қажытты ма,
Әлде Рүстем бұл ойға жазықты ма?!
Әлде әкенің арманы алыста ма,
Күйікті өмірден аз көріп аз ұқты ма?!

Ана, ана, әз ана үнсіз әлі,
Ұлын ойлап талай түн тыншымайды.
«Көз алдымнан тасаға жібермесем», -
Деп те кейде оңашада құлшынады.

Біледі ана ұлының болашағын,
Келер күнге берерін, алашағын.
Оқу-тоқу көрді ме қайран ана,
Есіне алса күрсініп бала шағын.

«...Құрал, Нақып көз нұрым қарашығым,
Бауыр етім, жансаям, бар асылым.
Сен әйтеуір азамат батыр болғын,
Қайдан ғана білейін қала сырын...»

Маңдайлардан сипады аяулы ана,
Мұңаяды көңілінде қаяу бар ма?!
-Арманыңды іздеші күнім менің,
Күбірледі анасы баяу ғана.

-Арман алыс... сонда да сен барарсың,
Адам болып ақиық ораларсың.
Жоқшылықтың кеудесін киіп жарып,
Қырандарша түлерсің, таранарсың.

ҚЫРАН ҰШСА ҚАТАЯР

Түркістан. Мектеп... КазГУ Алматыда,
Әкесі алғыс айтады ел атына.
Туған жер бір үмітім қияда жүр,
Алатаудың гөзал бақ жәннатында.
Көз жүгіртіп шыңдарға бала-бүркіт,
Мыңжылқысын аңсайды алабұртып.
19-да, бұл не? Бұл-бала жасы!
Балалық ой Құралдан барады үркіп.
«Асыл анам мұңайма, әлі-ақ жетем,
Көз жасыңды налыма далаға іркіп.
Әлі-ақ жетем, әз әке, қарындастар,
Сый етемін білімді, бәріңе асқар!»

ДАУЫЛДА

Соғыс, соғыс қойды ма оған оны,
Суық хабар әндетті бағананы.
«Жау тиіпті Отанға!» деген бір сөз,
Адам тұрмақ шулатты шағаланы.
Батыста әке кеудесін оққа төсеп,
Өр кеудесі жалынға жанған десед.
Онда сәби шырылдап бесігінде,
Пәк денені сұп-суық басқан кесек.
Шыдамады көкке ол, шыдамады,
Дүбірлетті кеудесін қыран әні.
Тамбовтағы ұшқыштар мектебіне,
Көп ойланып жатпастан сұранады.
Брезно. Чехословакия Батыстағы,
Басталды қан сасыған атыстағы.
1944 жыл. Күз. Ең соңғы зор майдан,
Қазылған көр, аққан қан-тартыс табы.
Берілмеді фашистер қасарысып,

Өлім, өмір келеді қатар ұшып.
Өмір туын көтерді біздің өрлер,
Ажал оғы «Катюшаны» ата түсіп.
Нәсер, нәсер құйылды,
тер нәсері,
Мұң мен терді тек қана жер көтерді.
Чех, словак туыстар аспанында,
Уын шашып ақ нәсер селдетеді.
Жылайды ана, зарлап қыз, бала аңырап,
Талай-талай күл болды-ау қара шаңырақ.

Гүл жамылған қырлары шаңдатады,
Жансыз, үнсіз құлазып дала қаңырап.
-Бар ма ана-балаға арашашы?!
Зарлайды ару төгіп қара шашын.
Дарға асу, ату, өртеу жауыздардың,
Брезнода көрсеткен «тамашасы».
Өрт ыстап, ақ отаулар қап-қара боп,
Зәулім үйлер қираған «атқора» боп.
Брезно, Брезно! Бірақ сені құлатпайды,
Фашист сонда жер құшар масқара боп!

БІРІНШІ САПАР

Кенет... кенет түн еді қара аспанды.
(Көк сүңгі шың, онымен таласқан-ды!)
Дүр сілкініп өткен «ИЛ», оқтай болып
Сонау – сонау заңғардан әрі асқан ды.
Жасыл ма, жарқылдаған отпа анау,
Әлде бір аспан шарлап кеткен алау?
Әлде бір нұр сәуле ме Күннен ұшқан,
Әлде бір шұғыла ма тарау-тарау?

Әлде бір найзағай ма шатырлаған,
Әлде ол-Прометей ме от ұрлаған?
Әлде ол-Геркулес пе жерге симай,
Қаһарынан қар бұлт қақыраған?

Әлде ол- арыстан ба айға атылған,
Жасқанған дұшпандары айбатынан?
Қыран мынау, біздің ер Құрал ғой ол,
Дұшпаны қалтыраған қайратынан!

Таңырқап қарай қалып шақырымнан,
Туған жер мың сүйсініп жатыр мұннан.
Жауына үрей салып аспанда да
Жалт етіп күнге жетті батыр ұлан.

Десанттар, сан парашют қаптайды ай кеп,
Салқын күз, тұйық аспан көкте АІ жоқ.
Көк тәңірі «ИЛ» қыран болды ғайып,
Құйрықты жұлдыздайын тоқтамай кеп!

«ҚЫРАНҒА ӨЛІМ ЖОҚ»

Ол-ұшқыш Мыңжылқының жас түлегі,
Деген рас «Бесіктегі ұл бес түлейді».
Ағып барад өз шебін беттеп алып,
Елемейді лаулаған өрт-дүлейді,
Соңынан шықты жаудың құзғындары
Біреу, екеу, қаптады ызған бәрі.
Айқас енді басталды, сұмдық айқас,
Төменде асқар таулар, сүңгі жартас.
Оқ жақта-жаудың шебі, сол жағы да,
Төбеде қарқ-қарқ күліп құзғындар маз,
«-Хо, хо! Жалғыз қайда бара аласың,
Біз көптіз күшімізді шамаларсың,
Қон жерге! Беріл бізге! Тыңдамасаң,
Бір оқпен о дүниеге ораларсың!»
Жарқ етіп атылады да ақиық бір,
Дегендей бар күшіңді таңық бір,
-Көрсетейін мен саған «берілгенді»
О, сұмырай, көзіңе қан ұйыпты.
Мүмкін бе қас батырға өрте өлуге!!!
Жүргенде туған жердің өр көгінде?!
Жер қаптырды «Мистерді» қос-қосынан,
Енді өзі де тақалды өртенуге.
Үшеуі өлді, О, өмір, бұлдыр әлі,
Аспан да ауыр ойдан тұнжырады.
Құрал тірі, о дүние, Құрал тірі,
Жаудың сағын ол талай сындырады.
Оу, құлады-ау!
Ой, ой құлады-ау, қанатынан қайрылды ма?
Жас өндірген ұлы елім айрылды ма?!
Жарқ-жұрқ етіп жарылды ел жүрегі,
Қар бұлт па, әлде бір жай ұрды ма?
Асқар тау Құрал атын қайталады,
Бауларда күңіреніп шайқалады,
Күркіреді өздер өксіп-өксіп,
Мұңды самал шарлады сай саланы.
Лапылдады түн-түндікті серпілтіп,
Елемеді дүниенің өртін түк.
Қыран қайта күн көзіне самғады,
Осы екен деп, осы екен деп Еркіндік,
Көк түсінде самғайтұғын қырандар,
Осылайша көкте қалды Құралдар,
Сол айқастан туындаған бір ән бар,
Ол-осы ән,
Ол-осы жыр.
Ол да сендей қыран жайлы жыр еді,
Асқар таулы Мыңжылқының түлегі.
Адам еді ол, адамдардың Қыраны,
Бар еді онда ақ сұңқардың жүрегі.

Марқұм майдангер Сейсенов Сейітжан ақсақалды көзіміз көрді. Көзіміз көріп ғана қоймай, дастархандас болып әңгімесін тыңдағаным бар еді. Әңгімені баппен қателесіп қалмайын дегендей сақтанып, дәл уақытымен, күні, жылымен айтқанды ұнататын.

1941 жылы Созақ өңіріндегі 10 колхоздан он бес жігіт міндетті әскери шақыруға іліндік. Алғабас колхозынан мен бармын. Арамызда Черинов деген жалғыз осы жігіт бар. Ол кезде әскерлік мерзім үш жыл ғой. Әуелі РСФСР-дың Кострид қаласына түстік. Жауынгерлік дайындық қызып жатқан кез. Ол кезде от пен оқтың ортасында қан майданда жүремін деп кім ойлапты дейсің. Жүректі дір еткізген суық хабарды әуелі сол жерде естідік. Алғашқыда сенбедік те. Жұрт жылап жүр. Кездескен халықтың қабағы қату, жүздері түнеріңкі. Қуаныш, күлкі пышақ кескендей сап тиылған.



лердің қай жерде қырғын соғыс болып жатса сол жерге апарды. Бір жерде тұрақтап тұру жоқ. Бара кірісіп кетеміз. Көер жарығың болса ертесіне тірісің, әйтпесе көз қимас қаншама боздақ қыршын кетті ғой шіркін!

Фашистік басқыншылардың өршелене түскен қарсылығына қарамастан сұрапыл шайқаспен күшті соққы беріп, Латвия, Литва, Эстония жерлерін жау табанынан тазарттық. Сөйтіп 1944 жылдың күзінде Батыс Пруссияға кірдік. Әуелі Кенисберг қаласына келдік.

1945 жылдың март айы болатын. Таңғы сағат алтының кезінде бір деревняға келдік. Жерде алақат қар бар. Орманға қарай өткен оншақты немістің ізін байқадық. «Екі неміс сарай маңында» деген хабар жетті. Сарайды екі жақтан қоршап, тінтуге кірістік.

Қасымда Ешенқұлов деген қырғыз жігіті бар. Кенет мен барып қалған

жіберді ғой,- деп Сейтжан қария күрсіне дауысын баяулатып, досын есіне алды.

-1945 жылғы сәуірдің 29-ы еді. Берлинге не бәрі 25 шақырым қалған. Қол созым жерде қала көрініп тұр. Арман-мақсат біреу, қалайда қаланы алу керек. Алсақ бітті, Жеңіс қолда. Шұғыл шабуылға дайындала бастадық. Сомелеттер бомбылап өткеннен кейін дереу шабуылға көтерілу жоспарланды. Сағат екіде шабуылға шықтық. Қарқын күшті, күш басым. Немістерді түре қуып майдың 2-сі күні Берлинге кірдік. Берлинге табанымыз тиісімен-ақ үміт оты жарқырап көз алдымызда Жеңіс туы желбірей бастады. Әрине, Жеңіске деген құштарлық пен сенімнен туған қиыл ғой бұл. Бірақ әлі қуануға ертерек еді. Немістер қаланың ішінде кез келген қолайлы тұсқа жасырынып алып, оқ жаудырып жатыр бізге. Өлгеніміз өлі, тірі қалғанымыз өлермендікпен

Берлинге табаны тиген жауынгер

Жаттығу үстінен майданға аттандық. Бір эшелон әскер Псков қаласына түстік. Соғыс басталып кеткен. Әуе шайқасы. Жолай біздің эшолонды бірнеше мәрте бомбалап та үлгерді. Құдай сақтап аман жеттік. Үлкен Псков, кіші Псков деп бөлінетін қаланың кіші бөліміне түстік. Ә, дегеннен елуге жуық автоматшы немістермен шайқасып, тең жартысын тірідей қолға түсірдік. Неміс деген халықтың түрін бетпе бет алғаш рет көрімі сонда. Расы керек алғашында қатты қиналды. Ас-ауқат тапшы, сырттан келер көмек жоқ. Немістер тың күшпен төпеп барады. Бас көтертпей қоршауға түсіруге жанталасты. Жан берісу оңай ма? Өлгеніміз өліп, тірі қалғанымыз шегіне отырып Тихани қаласына ендік. Батыс майданында Волков қаласы үлкен шайқастың орталығы болды. Жанқиярлықпен тізе бүкпей бір ай шайқасып, Великие Луки деген үлкен станцияға табан тіредік. Бұл жерден Ленинградқа онша алыс емес екен. Күндіз-түні тынбай шайқасу оңай ма, әбден қалжырадық. Аттар өлді, ас-ауқат түгесілді. Енді не істейміз? Дағдарған тұста іс оңына түзелді. Великие Лукта сырттан қосымша күш келіп, қару-жарақ зеңбіректер жеткізілді. Немістердің үлкен шоғыры келе қоймаған кез. Қиян-кескі соғысқа шындап дайындала бастадық. Қысқа таман нағыз қара суық басталды. Қазан, қараша айлары болса керек, соғысты бастап та жібердік. Ас-ауқат өте тапшы болды. Күніне екі бөлке нан, бір мезгіл ғана берілетін ыстық тамағымыздың түрі-бұршақ сорпа. Қара суықта мұның қандай қауқары болсын. Сонда да болса, жастықтың аты жастық қой шіркін! Бұратылып аш жүрсек те, көңіл түкпірінде «туған елге аман қайтсақ» деген іштегі арман-тілек, бойға қайрат, жүрекке от беріп, шарыққа түскен болаттай қайрала, қайсарлана түстік. Бір адым шегінгеніміз жоқ. Бұйрық солай. Жаудың небір шабуылын бет қаратпай тойтарып тастадық. Осы бір тұста, «Финляндия немістерге жақ боп, «соғысқа дем бермек, Ленинградты алмақ екен» деген сыбыс шықты. Енді бізді ақ фашистерге қарсы соғысқа дайындай бастады. Жаяу әскерміз. Мен негізінен зеңбірек оқтаушысымын.

1942 жылдың наурыз айында Петрозаводск қаласы арқылы финдерге қарсы соғысқа шықтық. Жойқын шабуылға төтеп бере алмаған финдерің кері қашты. Жері тар, көлді, орманды болады екен. Таудан құлап ағар, ағысы қатты үлкен өзені бар. Суда жүзуді білмейтін

қазақпыз, амалдап қайықпен өттік. Финдерді бұрылуға шамасын келтірместен, қуа отырып, Выборг қаласын алдық. Ақыры бұдан әрі соғыспаймыз деген келісімге қол қойылды. От пен оққа оранған 1942 жылдың соңындағы соғысқа армия генералы Л.А.Говоров қолбасшылық етті.

1943 жылғы шайқас Ладога көлінің бойында басталды. Ас-ауқат осы көл арқылы қайықпен жеткізіліп тұрды. Шегінерге жер жоқ. Әбден қатуланып алғанбыз. Қалайда Жеңіс! Жауды жеңіп талқандап, елге аман оралуымыз керек. Жеңсең ғана жат жерден топырақ бұйырмайды. Сол үшін де кеудеңде қасық қаның қалғанша шайқасып жаумен жағаласып өлуің керек. Жо-жоқ өлу емес тірі қалуың үшін шайқасуың керек. Бізді жауынгерлерді, жігер-

тұстан бір неміс шыға келмесі бар ма?

Белінде қос граната, мойнында автомат уыздай жас екен өзі. Автоматтан оқ жаудырып жіберсе шаруа бітті ғой. Жастық қылды ма қорықты ма қаша жөнелді. Қашқанды қуғанға батырмыз ғой. Жете бере көк желкеден қонжыттым. Тірідей ұстап әкелдік. Әлі күнге дейін таң қалам. Оқ бораған шайқаста өлмей, жайбарақат кездегі аңғырттықтан жалпамнан түссем арманда кеткенім-ау өзі. Көретін жарығым бар екен қайта. Әлгі немістің атып салмағанына шүкір деймін әлі күнге. Ал, өкінішімді айтсам.... Әттең-ай, сол оқиға тіпті де жадымнан ұмытылмайды. Орманға өткен оншақты немістің ізіне түсе бергеніміз сол-ақ еді қарсы беттен оқ жаудырып қоя берді. Екі-үш адам ауыр жарақат ал-



лендіріп, кеудемізге от берген Отанға деген ұлы махаббат пен елге, жерге деген алапат сағыныш еді. Жігіттердің көпшілігі орыстар. Бес жылғы соғыста менің пайымдағаным, орыстар өте қайсар халық, шыншыл достыққа адал болады екен. Қазақ жігіттерінен қасымда жалғыз жерлесім, балдысулық Қалманбай Құрманбаев болды. 1943 жылдың қысында біздерді Оңтүстік Батыс майданға Ладога көлі арқылы әкелді. Мұнда жағдайымыз біршама жақсарды. Үш мезгіл тамақ іштік. Әл, жинап, қуаттанып алдық. Бір қызығы «ұшарын жел, қонарын сай біледі» демекші, біздерді зеңбірекші-

ды. Аңдысын аңдып жүріп, сегіз немісті де тірідей қолға түсірдік. Ең өкініштісі сол, біз жақтан 4 адам өлді. Ішінде ең қимас досым Вася Куликов деген сержант бар еді. Іштен тиген оқтан ішек-қарыны ақтаралып қалды да, өліп бара жатып, «Қош Серезжа, мен кеттім кегімді алыңдар!» деді. Шіркін Вася! Орыстың ішіндегі ең бір мейірімді, қарапайым, үлкен жүректі жігіт еді. Ашуыздан түк көрмей, көзіме қан толып кетсе керек, автоматпен сегізінде жайратып салдым.

-Тірідей ұстаған жауды тіл ретінде апаруға да болар еді. Сұрау жоқ қой ол иттердің. Васяның қазасы ойлануға мұрша бермей ашындырып

алға ұмтылуымыз. Тайсақтауға да шегінуге де жол жоқ. Бір қадым болса алға Тек қана алға! Миымызға осы бір ой шегеленіп қалған. Бронденберг қақпасы көрініп тұр. Сіздерге өтірік, маған шын сол қақпаға жету үшін екі күн еңбектедік. Жоспар бойынша майдың 7-сі күні Рейхстагты алуымыз керек еді, Құдайдың құдыретімен төпеп жауын жаусын сол күні. Немістер де, біздер де тырп ете алмай қалдық. Көзге түртсе көргісіз түнек басты. 8-і күні таң қылаң берісімен үдере шабуылға шықтық. Арман болған Рейхстагтың түбіне жеттік-ау. Қол созым жерде тұр. Жақын, жақында болса алыс. Қылт етіп бас көтерсең бітті жұлып түседі.

Сол күні түскен кейін сағат үш пен төрттің кезінде бірнеше қабатқа ту тігілді. Күткенімізде сол еді. «Ура!» деп тұра жүгірдік. Рейхстагты басып қалдық. Немістер өз еріктерімен қаруларын тастап беріле бастады. Сегізі күні көшкі сағат 10 мен таңғы алтының арасында кезекшілік байланыста тұрған едім. Түнгі 12-де «Соғыс бітті» деген хабар жетті. Қуаныштан жүрегіміз жарыла жан-жаққа хабарлап жатырмыз. Күліп те жүрміз жылап та жүрміз. Кез келген жауынгердің аузында бір-ақ сөз. Ол-Жеңіс! Біз жеңдік! Он екіден бастап немістер жағы оқтауды тоқтатты. Автоматта, зеңбіректе, пулеметте қалған соңғы оқтарды Жеңіс салюті ретінде аспанға аттық. Әні, қалқам! Біз солай Жеңіс шеруіне қатысып, Жеңіс мейрамына Берлиннің қақ төрінде-Рейхстагта тойлағанбыз!

Өңірінде қос «Даңқ» ордені мен «Отан соғысы» ордені, «Германиядағы жеңісі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» «Берлинді алғаны үшін» медалдары жарқыраған, от пен оқтың ортасынан елге аман келіп, төрт ұл, екі қыздың 30-ға жуық немере, бірнеше шөбере сүйіп отырған Ұлы Отан соғысының ардагері Сейтжан Сейсенов осындай майдангер еді. Бүгінде артында қалған ұлдары-Нағашбек, Ораз, Күмісбек, Алтынбек, бір-бір шаңырақтың иелері. Қыздары Күнімкүл мен Алтынкүл де әже атануда. Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің бірі, Берлинді алуға қатысқан кешегі от жүрек майдангер, қадірменді қария Абай елді мекенінің тұрғыны Сейтжан Сейсенов атамыз бұл күнде арамызда жоқ.

-Атамызды адамзат тарихындағы ең айтулы күндердің бірі ретінде сақталып қалған Жеңіс мерекесі күні сағына еске аламыз,- дейді ұл-қыздары, немере, шөберелері.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары!

Созақ ауданында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысу үшін өтінімдер қабылдау басталды.

Конкурс отбасылық өнегелі қандылықтар мен дәстүрлерді жаңғырту, отбасы мен некенің жағымды бейнесін санаға сіңіру және қоғамдағы отбасының мәртебесін арттыруға бағытталған. Конкурсқа қатысуға мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) отбасылар жіберіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажаттар (өтінім, конкурстық материалдар) 2023 жылдың 6 маусымына дейін мына мекен-жайда қабылданады:

Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі, Шолаққорған ауылы, Қожанов көшесі, №68 ғимарат, Байланыс тел.: +77014259005

Конкурсқа қатысуға өтінім аудандық комиссияға (Комиссияның жұмысшы органы – Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөліміне) мынадай қажаттармен қоса беріледі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын қажаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның кәмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;

4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын қажаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын қажаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) қатысуды растайтын қажаттардың көшірмелері;

9) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім.

Ескерту:

1) қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;

2) бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға арналған ӨТІНІМ

1. Отбасы құрамы:

Р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні (күні, айы, жылы)	Жұмыс, оқу орны, қызмет түрі, лауазымы	Тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6

2. Отбасылық өміртәжірибесі _____

3. Отбасы тарихын сипаттау (отбасылық дәстүрлер, қандылықтар, отбасындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері) _____

4. Отбасы мүшесінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, еңбектегі, спорттық, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми, қоғамдық пайдалы (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) қызметтегі отбасының (немесе отбасы мүшелерінің) жетістіктері: _____

5. Нағрадалардың, сыйақылардың болуы (грамоталардың, алғыс хаттардың, дипломдардың, сертификаттардың көшірмелері қоса беріледі) _____

6. Отбасы мүшелерінің қоғамдық қызметін көрсететін әлеуметтік желілердегі аккаунтқа сілтеме (бар болса) _____

7. Отбасылық фотосуреттер (электрондық нұсқасымен бірге 5 данадан аспайды)

8. Отбасыны таныстыратын (ұзақтығы 2 минуттан аспайды) бейнеролик _____

9. Өзге де қажаттар _____

Қолы _____

Күні _____

Сыбайлас жемқорлық мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына, елдің қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіреді. Ұлт жоспары шеңберінде 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

лас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді».

Қоғам дертімен бірге күресейік!

туралы» Заңы қабылданды. Заңның басты мақсаты— әлеуметтік дерттің алдын алу болып табылады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбай-

әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қанат АҚБАЕВ,
Созақ ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі,
Бейбіт ӘЛИЕВ,
бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы

Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүлкітік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Жас ұрпақты еліңсүйгіштікке, ұлтшылдыққа тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті

Тарих көші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайды, соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүние жүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр аталарымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан да ұмытпақ емес. Сол кездегі Кеңес өкіметінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 мамырда бұл оқиғаның ақыры Ұлы

пен бас иеміз. Соғыстан оралғаннан кейін де совет хоздың қайнаған жұмысына араласып, еңбекте де үлкен жетістікке жеткен ауданымыздың құрметті азаматы. Астана қаласында өткен Жеңістің 60 жылдығына арналған мерекелік шеруге қатысқан. Бүгінде ол кісі тәрбиелеп өсірген ұрпақтарынан шөбере-шөпшек сүйіп отырған үлкен бір әулеттің қариясы. Ұл қызына өнегелі тәрбие

Ерлік ешқашан ұмытылмайды

Жеңіспен аяқталды. Міне содан бері 78 жыл уақыт өтті. Соғыстың алғаш күндерінен- ақ Кеңес халқы жан тәнімен Отаның қорғанды. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Кеңес азаматтары Отаның қорғау үшін қанішер неміс басқыншыларымен жанкештілікпен аянбай шайқасты. Осы ұрыста кеудесін оққа тосқан қазақтың батыр азаматтары да аз болмаған. Сол азаматтардың ішінен біздің Созақ ауданынан да қайсар жандар елін қорғауға аттанып, елге жеңіспен оралған еді. Ауданнан соғысқа аттанған бірнеше соғыс ардагерлеріне арнап жеке қорлар ашылып, ол кісілердің өмір деректері мен суреттері, марапаттары, ордендер мен медальдарының куәліктері Кентау өңірлік архивінде тұрақты сақтауға алынған. Осы азаматтардың бірі кәзіргі таңда 97 жасқа келіп отырған ауылымыздың қариясы Жылысбаев Мырзахмет атамиз, бұл күнде арамызда дін аман жүр. Ол кісіге құрмет-

беріп, ұрпағын жалғастырып отырған осы кісілердің соғыстағы ерлігін, қайрат жігерін жастарға рухани тәрбие ретінде ұдайы насихаттап, оларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, қорғауға баулу біздің, яғни үлкендердің міндеті. Тәрбие от басы ошақ қасынан басталады. Жылысбаев Мырзахмет атаның естеліктерінің өзі адамды тәрбиелейтін, зор мағыналы ғұмыры болашақ ұрпағына даңғыл жол салғандай. Қиындықтардан қорықпай өмірдің қиын белестерін артқа тастап, екі асырды көріп отырған атамизға тек денсаулық тілейміз. Осы кісілердің өмір жолдарына қарап, өзіміздің өсіріп отырған ұл-қыздарымыздың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін, елге деген құрметін арттырып, оларды елін сүйіп жерін қастерлеуді санасына қыяп тәрбиелей білуіміз қажет.

Рахат МАТЕН,
Созақ аудандық сотының бас маманы.

Ведомство таратқан туристік сапарлардағы сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелері мыналар:

- Нашар көрінгенде (тұман) немесе тәуліктің қараңғы уақытында өтпеу керек. Маршрутқа барар алдында ауа-райы болжамын анықтаңыз.

- Таулы жерлерге бармас бұрын ауа-райы жағдайлары

қазақстандықтардың сүйікті ойын-сауықтарының бірі. Алайда, абайсыздық пен дайындықтың болмауы көбінесе қайғылы салдарға әкелуі мүмкін. "Аюсай" визит-орталығының командасы тауларды бағындыруға қалай дұрыс келу керегі туралы кеңестерін бөлісті. Бұл ақпарат жаңадан бастаушыларға ғана емес, тәжірибелі

Таулы аймақта қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

мен кедергілердің ықтималдығын ескере отырып, ықтимал қауіптерді мұқият бағалау керек. Егер ауа-райы нашарласа, жоғары емес, төмен түсіңіз.

- Таулы маршруттарда жолды мұқият қадағалаңыз және аяғыңыздың астына, әсіресе жаңбырдан кейін мұқият қараңыз.

- Жарақат алмау мақсатында тік беткейлерге көтерілмеңіз.

- Дененің қызып кетуіне, гипотермиясына жол бермеңіз.

- Егер сіз балаларды өзіңізбен бірге тауға алып барсаңыз, олар үшін жауапкершілікті ұмытпаңыз, оларды қараусыз қалдырмаңыз.

- Өзіңізбен бірге жеткілікті мөлшерде су алыңыз. Өзіңізбен бірге компасыңыз болсын.

- Егер сіз топта немесе достар компаниясында саяхаттасаңыз, бірге болғаныңыз жөн. Міндетті түрде өзіңізбен бірге қажетті дәрі қоры бар медициналық аптечканы алып жүріңіз.

Қозғалыс қарқыны топтағы ең әлсізімен анықталады.

- Бейтаныс маршрут бойынша алғашқы жорық үшін оған барған адамды жолсеріктерден тапқан немесе осы маршрут туралы алдын ала ақпарат табуға тырысқан жөн. Ешқашан бейтаныс маршрут бойынша тауларға жолсеріксіз бармаңыз.

- Тауларда адасып, қауіпті жабайы жануарға кез болып, жартасқа құлап кетуге болады. Қыста тауларда қар көшкіні, жазда тастардың құлауы мүмкін.

Егер сіз тауға бірнеше күнге баратын болсаңыз, онда өзіңіздің ұялы телефон нөмірлеріңізді тәулік бойы жұмыс істейтін ҚР ТЖМ бөлімшелеріне 112 нөмірі бойынша хабарлаңыз.

Тауда қозғалу және қауіпсіздік ережелері

Тауда жаяу серуендеу -

туристерге де пайдалы болуы мүмкін.

Сарапшылардың айтуынша, таудағы жазатайым оқиғалардың негізгі себептері:

топ мүшелерінің физикалық дайын болмауы;

абайсыздық және қауіпсіздік ережелерін сақтамау;

бұрын таңдалған маршрутты өзгерту;

уақытты қате есептеу;

ауа райын алдын ала тексермеген;

жабдықтар мен керек-жарақтарды дұрыс таңдамау;

топтағы тәртіптің жеткіліксіздігі, міндеттердің нақты бөлінбеуі;

таудағы қауіп-қатерлерді және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын білмеу;

зейіннің әлсіреуі, әсіресе түсу кезінде;

азық-түліктің жетіспеушілігі;

алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмектердің болмауы.

"Тек топпен қозғалу керек, оның бөлінуіне жол берілмейді. Сондай-ақ, топтағы ең әлсіздерге қарай қозғалыс қарқынын анықтау маңызды және қауіпсіздік есебінен жолды қысқартпау керек. Туристерге көру қабілеті нашар (тұман) немесе қараңғы уақытта өтпеу керек екенін ескеруге кеңес береміз; қауіпті учаскелерді, жылдам ағатын өзендерді тек сенімді сақтандыру болған кезде ғана еңсеру керек; қауіпті жартастан қауіпсіздік және сақтандыру ережелерін қатаң сақтай отырып, өте қажет болған жағдайда ғана өту керек; беткейлерде және шұңқырларда жатқан тастарды баспаңыз.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау
лейтенанты.

Бейбіт ӘЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Отан қорғау-азаматтық борышым

Мен 1998 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бабата ауылында туылып өскенмін. 2016 жылы мектеп бітіріп Алматы қаласындағы шет тілдер және іскерлік карьер университетінде «Дінтану» мамандығы бойынша білім алып, оқып бітірдім. Білімімді шыңдау мақсатында екінші жоғарғы оқу орнына оқуға түстім. Мектеп бітіре салысымен оқуға түсіп кетуіме байланысты әскерге шақырылуым кейінге шегерілді. Білім қуалап жүріп жасым 25-ке де келіпті. Әкем ауған соғысының ардагері Жұматай Әлім Серікұлы еді. «Ардагердің ұлы әскерге бармаған ба?» деген сөзді естімес үшін Созақ аудандық әскери комиссариатына арнайы барып оқуға өз еркіммен барып, Отан алдындағы азаматтық борышымды өтеп қайтуға сұрандым. Әскери комиссариат мені Шымкент қаласындағы әскери техникалық мектепке 40 күндік әскери оқуға жіберді. 2023 жылы 27 ақпан күні барып, әскери борышымды абыроймен атқарып, осы жылдың 12 сәуірінде елге аман есен, сау саламатта қайттым. Бірінші күні бәрімізге жаңа әскери формалар киіндірді. Әскери бөліммен таныстық. Әскери мұғалімдерімен жүздестік. Ол жерде 64 курсант оқып шықтық. Рота, взвод бөлімшелерге бөліндік. Мен 1-ші взводтың 1-ші бөлімшесіне түстім. Екінші күні таңғы 6-30-да подъем болды. 1 минут ішінде тұрып киініп үлгеруіміз керек. Кешіксек қайта жатып, қайта тұрамыз. Алғашында үлгере алмағанмын кейін үйрендім. Таңғы сапқа тұрған соң жарты сағат марш бросок жүгіреміз, дене шынықтыру жаттығуларын жасаймыз. Таңғы жаттығу біткен соң жуынып-шайынып келіп, төсек орнымызды жинаймыз. 7-50-де таңғы тексеру болады. Сақал, мұрт, шашымызды, оңтөскамызды (желке шашын) және аяқ киімімізді, жағамызды, белдігімізді тексереді. Сақалы өскендерді ескерту беріп сақалын алдырады. Егерде ескертуі көбейіп кетсе спорт алаңын 20 круг айналып жүгіртеді. 8-00 таңғы асқа сапқа тұрамыз. 8-50 де таңғы астан келіп 9-00-де әскери сабақ басталады. 12-50-ге дейін саптық жүріс, қаруды шашып жинау, әскери техникалармен танысу, әскери тактика құру сабақтары болады. 13-00 де түскі асқа барамыз. Түскі астан келген соң 14-30 ға дейін демалыс. 14-30 дан 18-00-ге дейін сабақ уақыты. Ол кезде де сапта тұру, сапта жүру дайындық сабақтары өтеді. Кешкі 19-00 де кешкі ас ішуге барамыз. Кешкі астан кейін 20-00-ден 21-30 ға дейін кешкі серуен ол кезде өзің қалаған іспен айналысаңыз үйге хат жазу, жаттығу жасайсыз ба, сабақ оқисыз ба, жауынгер достарыңмен әңгіме дүкен құрасыз ба өз еркіңде.



21.30-ден 22-00-ге дейін кешкі саптық жүріс ән айтып жүру. 22-00-де кешкі тексеріс. 22-30 да ұйқыға кетеміз. Әскери оқудың 8-ші күні бірінші мылтық атуға бардық. Ату кезінде 9 оқ дәрі береді. Бірінші атқанда 3-еуін атып тексеріп аласыз, қалай қай жерден көздеу керек екенін. Екінші атқанда 6-уын атасың үздік көрсеткіш 25, орташа 20, қанағаттанарлық 15. Мен өзім үшеуін атқанда 24 ұпай, алтауын атқанда 26 ұпай жинап үздік ұпай иелендім. Екі аптадан соң автодромға бардық. Ол жерде турникке тартылып, жүгіріп, разрядтық норматив тапсырдық. Сондай-ақ, траншея, блиндаж, окоп қазып үйрендік. Төртінші аптада Сарыағаштағы Дарбаза ауылы аумағына барып екінші мәрте автомат аттық. Грана лақтырдық. Ол кезде оқ тисе құлайтын нысаналарды аттық. 400 м, 300 м, 250 м қашықтықтан түрегеліп қайта жатып қалатын мишеньдерді көздейміз. Үздігі үшеуін құлату керек. Осылайша 40 күнді атқарып шықтық. Үш мезгіл тамағы бар. Жатын орны таста. Елге аман есен келіп ағайын-туыс, достарымың алдында, әсіресе әкемнің алдында абыройым мен намысым асқақтай түсті. Бойымнан бір жеңілдік түскендей болды. Сол себепті қатарластарымды, іні-қарындас. Достарымды, жалпы аудан жастарын отан алдындағы азаматтық міндеттерін орындау үшін әскерге баруға шақырамын.

Сағи ӘЛИМҰЛЫ,
Жас жауынгер.

ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ

Созақ аудандық полиция бөлімінің ЖПҚ-нің ӘЗЗҚТ-ның инспекторы полиция майоры Айжан Манапова Созақ ауданы, Таукент кенті Кенесбаев атындағы мектеп оқушыларға "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ" атты профилактикалық алдын алу іс шаралары өткізілді.

Іс-шараға оқушылар, педагог-психолог Сауле Браташ, Ержан Исаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мақсат Әлжанов, үйірме педагогтары Жонаева Қаламқас, Сәбитқызы Айғаным ұжым қызметкерлері қатысты.

Жиналыс барысында жинаға қатысушыларға Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-ІV



Заңы туралы кеңінен түсіндіріліп, әртүрлі үнпарақтар, кітапшалар, брошюралар, құқықтық кеңес орталықтарының номерлері көрсетілген визиткалар тарқатылды. Жи-

ын соңында жиылған оқушылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, полиция қызметкерлері тарапынан жауап беріліп қанағаттандырылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директордың міндетін уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.